



• ЕРТЕҢ – «ORTALYQ QAZAQSTAN» ГАЗЕТИНІҢ ЖАРЫҚ КӨРГЕН КҮНІ

## Дүбірлі жылдар дәуірнамасы

Ерсін МУСАБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Заман өзгерді, қоғам жанарды. Осы тұрғыдан алғанда, мерзімдік басылымдар жаңалықтың жаршысы болып қана қоймай, өзі де жанарып, заманауи өзгерістерді қабылдады. Қазір «Дәстүрлі медиа», «Жаңа медиа» деген тіркестер қолданып, қалам ұстаған қауымның біліктілігіне осы деңгейден баға беретін болды.

Десек те, жылдар бойы қалыптасқан дәстүрді сақтап, аға буын салып кеткен сара жолдан айнымай келе жатқан басылымдар бар. Жасыратыны жоқ, олардың өзі жедел хабар тарату үрдісінде интернет-журналистикаға жол беріп қойды. Хабар тарату шашаңдығы шабан тартқанымен, сол мерзімді басылымдар салмақты сараптама, тамырлы талдамалық материалдары арқылы оқырман сұранысына ие болып келеді.

Ертең жарық көргеніне 92 жыл толатын «Ortalyq Qazaqstan» газеті – солардың қатарынан. Иә, газетке деген сұраныс азайып келе жатқанын жасыра алмаймыз. Дегенмен, «Ortalyq» қалыптасқан оқырмандар ортасы бар. Өйткені, «Ortalyq» пен оқырман егіз ұғымға айналып кеткелі қашан... Ғасырға жуық уақыт ақпарат айданында еркін жүзіп, ақиқатшыл бағытпен әдеби ортаның лайықты бағасын алған байырғы басылымның бақыты да, бағы – оқырман. Қазір де сол бағытынан айнуға жоқ.

Сәт сайын өзгеріске ұшырап, күн сайын құбылып сала беретін қоғамның тамырын дөп басып, тынысын тыңдаған тамыршысы бола жүріп, өзгерістің тарихи мәні мен саяси маңызын қарапайым бұқараға насихаттау миссиясын да адал атқарып келеді. Дәл осы тарихи жауапкершілік жалғыз біздің «Ortalyqқа» ғана емес, барлық ұлттық басылымдардың көтерген жүгі екенін баршамыз түсінеміз. Сонда да, қазақ тілінде жарық көрген әрбір басылымның өз тағдыры, өз жолы, өз дәстүрі болғанын ұмытпауымыз керек. Біздің «Ortalyq» та өзінің соқтықпалы-соқпақсыз жолын абыроймен жүріп өтті.

Газеттің алғашқы саны 1931 жылы 4 қазанда «Қарағанды пролетариаты» деген атпен жарық көрген. Қанды ғасыр-



дың қасіретке малынып, қанмен жазылған шежіресіндегі қаралы кезең ұлтымыздың жаралы жүрегін паршалап жатқан кезең еді. Көмірлі Қарағандының қайлалы кеншісі айлалы империяның түпкі мақсатын қайдан ұғынсын?! Сол тұста көмір шанына көмілген Қарағандыға сәуле шашыраған. Ол – өздеріңіздің сүйікті «Ortalyqtарыңыз» еді, ойлы оқырман.

Иә, өзінің соқтықпалы-соқпақсыз тағдырында тарпаң басылым қазақ шеккен қасіретті шеге жүріп, ұлтқа қалтқысыз қызмет етті. Алып империяның даланы да, сананы да отарлау саясатына ашық болмаса да, астарлай қарсылық білдіріп, мүлгіп кеткен саналарға саңылау тауып, сыналап сәуле түсіруге ұмтылды. Алғашқы редакторларының атылып я болмаса айдалып кетуінің астарында дәл осы ақиқат жатыр.

Дуігіне сия емес, қан құйылған қаламгерлер қаймықпай жазды. Сарғайған газет тігінділерінен арда басылымның

ақиқат үшін арпалысқан адуынын аңғарар едіңіз. Парақтап шықсаңыз, әрине...

Басылымның тарихы да, дәстүрі де – бізге аманат. Ал, аманат жүгі ешқашан жеңіл болмаған. Сөз зергерлері Ғабиден Мұстафин, Әлжаппар Әбішев, ұлттық публицистиканың жарық хәм аққан жұлдызы Сәттар Ерубаевтан бастап берідегі Бейсенғали Тәйіманов, Сейфолла Оспанов, Рамазан Сағымбековтер, тіпті, кешегі Нұрмахан Оразбеков, Тілеухан Жүсіпов, Рымқұл Сүлейменов, Өтен Ахмет, Мағауия Сембай, Төлеубай Еркембаев сынды қалам қайраткерлерінің сол аманатқа адалдығы арқасында ұлы мектеп болып қалыптасқан басылымның байырғы дәстүріне қылаудай қиянат жасалған жоқ.

Бүгінгі «Ortalyq» жасарған. Жігері жалынды, қаламы қарымды жастар дәстүрді менгеріп, аманатқа адалдық танытып, Жаңа Қазақстанның құрылысына әділет кірпішін қалауға еңбек сіңіріп

келеді. Қазір шежіресі бай, тарихы терең облыстық екі газет «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің құрамына біріктірілген. Бұл да – тиімділік. Өйткені, газет редакторлары қаржы-шаруашылық мәселесіне «бас ауыртпай», шығармашылық жұмыспен алаңсыз айналысу мүмкіндігіне ие. Алғашында «Токсан жылдық тарихы бар басылымдарды әлдебір құрылымға басыбайлы бергені қалай?», «Бұл шығармашылық еркіндікке кедергі келтіреді» деген күдік пен күмәннің болғаны да рас. Алайда, жаңа құрылым өзінің тиімділігін дәлелдеп үлгерді.

Мемлекет басшысының, облыс басшылығының қамқорлығын сезінген шығармашылық ұжым ынтымақ-бірлігін сақтап, жүз жылдық белеске беттеп барады.

Мереке құтты болсын, әріптестер! Дүбірлі жылдар дәуірнамасы «Ortalyq» оқырманы көбейіп, жазары көп болғай!

• БӘРЕКЕЛДІ!

## Жас өнертапқыштар жаңалығы

Бөкетов жастары әзірге елімізде қолға алынбаған екі және үш қатарлы жел қондырғыларының жаңа үлгілерін ойлап тапты.



Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Осылайша отандық ғылымға өзіндік үлес қосқысы келген студенттер секундына 3 шақырымнан 5 шақырымға дейінгі төмен және орташа жылдамдыққа арналған әзірлемелер арқылы желдің жылдамдығы мен ауа ағынының мүмкіндігін зерттемек. Университеттің баламалы энергетика орталығында жүзеге асқан қондырғылар күн және жылу энергиясының көмегімен жұмыс істейді.

Орталық инженері Нұрлан Ботпаевтың айтуынша, қондырғының кейбір жабдықтары 3D принтерден басып шығарылған соң аэродинамикалық жел туннелінде зерттеледі. Сонында көрсеткіштері өлшенеді. Деректер зертханалық зерттеулерден кейін салыстырылып, қондырғының озық үлгісін жасауға сеп болмақ.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

## Қариялар қаржылай көмек алды

Қарттардың халықаралық күні қарсаңында облысымыздағы қариялар бір реттік төлем алды. Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегіне, биыл облыс бойынша барлығы 37 800 адамға аталған көмек көрсетілді.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Басқарманың баспасөз қызметінде хабарлағандай, бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен және одан тыс көздерден 347 млн. 420 мың теңгеден астам қаражат қарастырылған. Аталған бір реттік көмек 70 жастан асқан барлық қарттарға көрсетілді. Оның көлемі әр ауданда әртүрлі екенін де айта кеткен жөн.

Қыркүйек айының басындағы дерек бойынша облыста 177 251 қария бар. Оның ішінде, 82 479 адам Қарағанды қаласында тұрады. Олардың арасында 75 жастан асқан 20 653 адам мереке қарсаңында 10 мың теңгеден алды.

Реті келгенде айта кету керек, бүгінде елімізде жасы бойынша зейнетке шыққан 2,3 млн-нан астам адам тұрып жатыр.

## Көрнекті іс көмескіленбейді

«Егер сіз табысты адам болғыңыз келсе, жүрегіңіз бизнесіңізде, ал бизнесіңіз жүрегіңізде болуы қажет» депті жаһанға есімі мәшһүр кәсіпкер Томас Джон Уотсон. Кәсіп болмай, нәсіп болмайтынын заман өзі аңғартып тұр. Келешек – бұл салада әбден кемеліне келген жас кәсіпкерлердің қолында. Мемлекет басшысының айтуынша, ондай адамдарға елімізде өз бизнесін дамытуға мүмкіндік беру және нақты көмек көрсету аса маңызды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Шағын және орта кәсіпкерлік экономика мен еңбек нарығының қозғаушы күшіне айналуға тиіс. Бұл жөнінде көп айтылды. Бірақ аталған бағытта айтарлықтай ілгерілеу болған жоқ. Демек, экономикалық саясатқа өзгеріс енгізу қажет. Шағын және орта бизнесті толыққанды қолдау үшін кешенді шаралар қабылдау керек. Олар елімізді дамытуда маңызды рөл атқаратынын толық сезінуге тиіс. Бізге Қазақстан экономикасын дамыту жолында өзіне жауапкершілік ала алатын кәсіпкерлердің «жана толқыны» қажет. Оның бел ортасында әкімшілік ресурстарға иек артпай, кәсіпкерлік таланты мен еңбекқорлығының арқасында кәсібін табысты жүргізе алған бизнесмендер болуға тиіс, – деді Президент Қазақстан халқына арнаған бийлығы Жолдауында.

Бұл орайда 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде бизнесті қолдау және дамытуға бағытталған облыс әкімінің грантына биыл 466 үміткер өтінім жолдады. Сараптама алқасының төрайымы Сайран Сыздықованың айтуынша, өзекті де өміршең әрі қызықты бизнес идеялар бар көрінді.

– 2005 жылдан бері грант тек ауылдық жерлерде кәсібін бастаймын деген жандарға ғана берілетін еді. Қазір ісін бастап,



кәсіп ашам деушілерге жол ашық. Мүмкіндік те бар. Еншімізге берілген екі апта мұғдарында әр қатысушының бизнес жобасын сараптама комиссиясы қарастыра отырып, дауыс беру үстінде. Қызықты жобалар да жоқ емес. Дегенмен, Президент айтып өткен «жаңа толқын» кәсіпкерлер әлі де іздене түсуі қажет деп топшылаймыз. Грант иегерлері ережеге сәйкес ұсынған бизнес жобасын толық жүзеге асыру қажет болады. Егер қандай да бір жоба іске аспаған болып шықса, қаражат мемлекет қоржынына қайтарылады деп тұжырым сөзін Сайран Биғалиқызы.

Жалпы, бүгінгі кәсіпкер әр іске тиянақты қарайтынын атап өту қажет шығар. Қазіргі жастардың менталитеті қол қусырып отыруға мүлдем төзбейді. Комиссия назарына көбіне не жаңа бизнес жоспары, не бар кәсіпті кеңейтуге бағытталған кәсіпкерлік жобалары ұсынылды.


– Мен Шахтинск қаласында пластиктен бампер өндіретін цех ашсам деген ниеттемін. Бұл – жан-жақты тиімді жоба. Өйткені, көлігінің бампері тозған жүргізуші шетелге тапсырыс беріп, әуреленіп жатады. Ол көлік құрылғысы әрі удай қымбат, әрі жеткізілуіне көп уақыт талап етеді. Ал, мен арнайы технология арқылы кез келген көліктің бамперін өндіріп, тапсырыс берушіге ұсына аламын. Әрі қосымша жұмыс орнын құрамын. Кәсібімнің өміршеңдігіне сенімім кәміл, – дейді жас кәсіпкер Ақылбек Нұрнашов.

Жоба шеңберінде әр жеңімпаз ісін жолға қою мақсатында 5 млн. теңгеге дейін қаржылай грант иеленеді. Кәсіпкер ісінің өрістеуіне мерзім беріледі. Одан соң арнайы бақылау тобы грант иеленген кәсіпкердің кәсібіне талдау жасап, сәйкесінше қорытынды шығарады.

Жалпы, бизнес дейтін әлемде табыстың саусақпен санап аларлық екі-ақ түрі бардай. Қаражат пен тәжірибе. Тәжірибесі терең жанның қалтасы да қуыс болмасы анық...



# Көшпелі отырыс көкейдегі мәселені қозғады



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова, Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов бастаған бірқатар Мәжіліс депутаттары облыс орталығына арнайы жұмыс сапарымен келіп қайтты. Сапар барысында Қарағанды қаласының Әлихан Бөкейхан ауданының үйде әлеуметтік көмек көрсету орталығына ат басын бұрды. Қазіргі таңда аталған ұйымда түрлі психологиялық ауытқуы бар 80 адам күтімде. Оның тең жартысы өздігімен еркін жүріп-тұратын жандар. Солардың ішіндегі 20-сы белсенді топ өкілдері екен. Яғни, түрлі спорттық және шығармашылық бағытта ұйымдастырылған байқауларға қатысып, жүлде алып жүр.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәжіліс депутаттары әуелі Қарағанды қаласының Әлихан Бөкейхан ауданының үйде әлеуметтік көмек көрсету орталығына ат басын бұрды. Қазіргі таңда аталған ұйымда түрлі психологиялық ауытқуы бар 80 адам күтімде. Оның тең жартысы өздігімен еркін жүріп-тұратын жандар. Солардың ішіндегі 20-сы белсенді топ өкілдері екен. Яғни, түрлі спорттық және шығармашылық бағытта ұйымдастырылған байқауларға қатысып, жүлде алып жүр.

Ұйым тек 18 жастан асқан жандарға ғана қызмет көрсетеді екен. Қазіргі таңда мұнда сал ауруымен ауыратын 39 адам бар. Қалғандары түрлі деңгейдегі психологиялық ауытқуы бар жандар.

Үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесі сегіз бағытта көмек береді. Қазіргі таңда ұйымда 80 арнайы палаталық маман және 16 әлеуметтік қызметкер бар. Адамдардың диагнозына байланысты төрт немесе бес маман бірлесіп жұмыс істейді. Стандарт бойынша әр адамға екі сағаттан бөлінген. Әсіресе, психологиялық ауытқуы бар жандармен жұмыс істеу оңай емес. Оның үстіне қазір күз мезгілі. Күз бен көктемде науқастың жағдайы күрт өзгереді, – дейді 18 жастан асқан мүгедектігі бар тұлғалармен жұмыс істеу бөлімшесінің кеңесшісі Сәуле Ибраева.

35 жастағы Вячеслав бірнеше спорт түрімен айналысады. Жақында ғана гимнастикадан Америкада өткен байрақты бәсекенде I орын иеленіпті. Бала кезінен ауруға шалдыққан. Содан бері арнайы мамандардың көмегіне мұқтаж.

– 2011 жылдан бастап, Вячеславты менің қарауыма берді. Екеуіміз спорт бағытында сабақ өтеміз. Мекемеде қызметкерлер, ем қабылдайтындыр үшін жақсы жағдай жасалған. Сол үшін Вячеславты осында әкелемін. Вячеслав секілді өздігінен жүре алатындармен жұмыс жасаймыз. Қазір кесте бойынша маған алты адам бөлінген. Ең жасы 18 жаста болса, үлкені – зейнеткер, – деді әлеуметтік қызметкер Айгүл Әлімбаева.

Депутаттар бұл ұйымның тұрмыс-тіршілігімен танысқаннан кейін облыстық балалар арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына барды. Мұнда ақыл-ойы кем мектеп

жасындағы 268 бала бар. Оның 50-і – жетім. Қазіргі таңда мекемеде 146 қызметкер бар. Бәрі де жоғары деңгейлі маман. Мұнда ас үйі, тігін және ағаш ұстасы секілді 11 шеберхана бар. Осы шеберханалар арқылы балаларды еңбекке баулитын көрінеді. Бұл жерде әр шеберханаға 10 баладан бөліп, бір маман білім береді.

– Заң жобасы дайын. Депутаттар тікелей бастамашылық жасап, заң жобасын дайындады. Енді сол заңды қабылдас бұрын депутаттар өңірлерге шығып, тиісті сала мамандарымен кездесіп, талқылау қажет. Жалпы, бір айдың ішінде кездесу жұмыстарын толық

білділігін арттыру үшін қыруар қаржыға оқыған курстары да еңбекақының өсуіне жәрдемін тигізбеген.

– Қазіргі таңда министрлікте осы мәселе бойынша тиісті жұмыс жүргізуде. Алдағы уақытта әлеумет, медицина саласында жұмыс істейтін әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы білім ағарту саласындағы сол маман иелерінің жалақысымен теңестірілетін болады. Медицина саласында қызмет істейтін әлеуметтік қызметкер мен білім саласында қызмет істейтін әлеуметтік маманның жұмыстары ұқсас. Ал, айлықтары екі түрлі. Қазір Парламент депутаттары, Үкімет те осы мәселені көтеруде. Бы-



аяқтап, заңды қабылдау шарт. Айта кетейік, заң жобасын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп дайындап жатырмыз. Заң жобасында лицензиялау, ротациялау мәселесі де бар. Тиісті талаптарды күшейту де қарастырылған. Жабық ұйымдарды шұғыл тексеру мүмкіндігі бар. Себебі, жабық мекеме болғандықтан, балалар өз құқықтарын қорғай алмайды. Қазіргі таңда заң жобасында 50-ден астам түрлі норма қарастырылған. Осы нормаларды көшілікпен талқылап, жаңа заңды күшіне енгізу қажет, – дейді Асхат Аймағамбетов.

Барлық мамандардың айтатын мәселесі – еңбекақысы. Екіншісі – маманның жетіспеушілігі. Әлбетте, айлық аз жерде, кадрдың жиі ауысуы заңды. Мәселен, бұл мекемелердегі әлеуметтік қызметкер, психолог және аспаз сынды мамандардың айлығы аз. Әрі сыйақы, еңбекақы мәселесі де дұрыс есептелімейді екен. Одан қала берді,

лай қарасаңыз, әлеуметтік әділдік мәселесі. Осыны біржақты ету – қазіргі уақыттағы басты мәселелік. Кездесу барысында біршама мәселелер көтерілді, соларды ескеретін боламыз. Бірақ, оған уақыт керек. Бәрін талқылап, қайта жоба жасаймыз. Жыл соңына дейін биылғы жұмыстарды атқарып, ендігі жылғы бюджетке жаңа ұсыныспен кіреміз деген жоспар бар, – деді Светлана Қабыкөкқызы.

Қарағанды облысындағы он арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында бірыңғай ақпараттық жүйе пилоттық режимде енгізілді. Ол қаржылық операциялардың ашықтығын қамтамасыз етеді және орталықтар жұмысының тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

– Цифрлық технологияларды қолдану әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы барлық рәсімдердің, стандарттар мен талаптардың орындалуын автоматты түрде бақылауға және құжаттауға мүмкіндік береді, – деді Светла-

на Жакыпова. – Бұл өз кезегінде заңнаманы қатаң сақтауға және жұмыста ашықтықты арттыруға ықпал етеді. Алдағы уақытта жобаны масштабтау және басқа өңірлерде енгізу жоспарлануда.

– Қарағанды облысы әлеуметтік қызмет көрсетудің сыйымдылығы шағын үйлер құру жөніндегі пилоттық жобаға да кірді, – деп атап өтті облыс әкімдігінде өткен жұмыс тобының отырысы кезінде облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев. Олар мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бағдарламасы бойынша ашылатын болады.

– Біздің өңірде осындай бір үй жұмыс істейді. Біз осы салаға инвестиция салғысы келетін бизнесмендерге барлық қолдау көрсетуге дайынбыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев. – Сонымен бірге облыста жасалатын жұмыс әлі де бар. Оның ішінде әлеуметтік мекемелерді қаржыландыру және материалдық-техникалық

• КЕЗДЕСУ

## Инвесторлар серіктестікке мүдделі

Сауд Арабиясының инвесторлары Қарағанды облысына қызығушылық танытуда. Байланыс орнату мақсатында аймаққа DIFA GROUP компаниясының басшысы мен серіктесі келді. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевпен кездесуде түрлі салаларда бірлескен жобаларды іске асыру әлеуеті талқыланды.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Доктор Халед Мохаммед әл-Хаджадж қызығушылық саласы кен екенін айтты. Ауыл шаруашылығында, өнеркәсіп-

ды облысының еліміздің жетекші индустриалды өңірдің бірі, сыртқы экономикалық байланыстары кең екенін атап өтті. Бүгінде облыс өнімдері әлемнің 50-ден астам еліне экспортталады.

– Өңір ынтымақтастыққа ашық



те ынтымақтастық, кез келген салада жасанды интеллект енгізу мүмкіндігі зор. Кездесуде ет өңдеу кешенінің жобасы да таныстырылды.

Аймақ басшысы Қараған-

және қолайлы бизнес-ахуал үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• РЕСМИ

## Аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдігіне үміткерлер назарына!

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 28-бабына сәйкес «Сауағарға ақпарат» ЖШС облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің редакциясы аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдігіне үміткерлер мен олардың өкілетті тұлғаларының барлығы сайлауалды үгіт-насихат аясында өздерінің сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялауға құқығы бар екенін хабарлайды.

«Ortalyq Qazaqstan» газетінде I шаршы см көлемінің құны ҚҚС қоса алғанда 300 теңге. Мемлекет барлық үміткерлерге жергілікті баспасөз беттерінде 0,1 баспа парағынан көп емес (немесе 540 шаршы см) көлемінде екі мақаланы жариялауға тең қаражат бөлуге кепілдік береді. Бұқаралық ақпарат құралы басшысы аты-

на жасалған жазбаша өтініш аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдігіне үміткерлер үшін негіздеме болып табылады.

Аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдігіне үміткерлердің бұқаралық ақпарат құралдарындағы сайлауалды үгіт-насихаты бар жарияланымдарында қаржыландыру көзі туралы ақпарат болуы керектігін естеріңізге саламыз.

«Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-де бөлім қызметшілерінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын бұзу фактілері туралы хабарлау үшін 506559 сенім телефоны жұмыс істейді.

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

## Аға ұрпақ өкілдері ардақталды

Осакаров ауданында қарттар күніне орай біршама іс-шаралар ұйымдастырылды. Әуелі мерекелік концерт қойылып, соңы «Барлығы өз қолымен» атты көрмеге ұласты. Аудан әкімі Руслан Нұрмұханбетов Осакаров кентіндегі «Дом милосердия» деп аталатын қарттар үйіне де барып қайтты. Аудан басшылығы азық-түлік себеттерін үлестіріп, түрлі бағалы сыйлықтар тарту етті. Сонымен қатар, кент пен ауылдық округ әкімдері де қалыс қалмай, зейнеткерлерге азық-түлік себеттерін жолдап, ауданның 240 тұрғынына қаржылай сый-сияпат берілді. Одан бөлек, жетпіс жастан асқан 2047 зейнеткерге әлеуметтік көмек көрсетілді.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мерекелік концертке аудан әкімі арнайы қатысып, қазыналы қарттарға игі тілегін білдірді. Сонымен қатар, ауданның дамуына сүбелі үлес қосқан еңбек ардагерлеріне арнайы марапатты табыстады.

Сонау жылдары оқуын тәмамдаған талай жас ауданға келіп еңбек жолын бастаған еді. Бірі медицина, білім беру, экономика саласына мойын бұрса, енді бірі мәдениет, ауыл шаруашылық,

теміржол саласына жұмысқа орналасты. Содан бері талмай еңбектеніп, білікті маманға айналды. Ауданның көркею, дамуы жолында өмірінің жартысын арнады. Бүгінде ел алдында қызметін адал атқарған бірқатар аудан азаматтарының еңбегі еленіп, арнайы марапатталды.

Осакаров аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ислам Шәкірбеков Қарағанды облысының Құрметті ардагері атанды. Сонымен қатар, аудан ардагері Владимир Мажураға «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық



бірлестігі орталық кеңесінің Құрмет грамотасы табысталды. Ал, аудан тұрғыны Жұмағазы Сапаров осы бірлестіктің Қарағанды облыстық кеңесінің Алғыс хатымен марапатталды.

Ислам Мұхтарұлы Осакаров

ауданына 1997 жылы қызмет бабымен келген. Бүгінде аудандық ардагерлер орталығының төрағасы. Орталықтың құрылғанына жарты жылдан асса да, Ислам Мұхтарұлының мұрындық болуымен бірнеше игі шаралар өткізілді.

– 1971 жылы Мойынтыға келдік. Мектепті де осы жақтан бітіріп, Омбы теміржол институтына оқуға түстім. Сырттай оқып жүріп, ауданда, теміржолда жұмыс істедім. Кейін оқуды тәмамдаған соң электрлік қосалқы станцияға басшылық еттім. Кейін 1983 жылдан бастап, Ақадырдың аудандық комитетінде істедім. Араға төрт жыл салып, Ақадырдағы «Қазақтелекомға» жұмыс ауыстырдым. Сол жақта отбасылы болдым. 1997 жылы қызмет бабымен Осакаров ауданындағы «Қазақтелекомның» басшылығына тағайындалдым. Мінекей, содан бері осы жерде еңбек етіп, зейнет дамалысына шықтым, – деді Ислам Мұхтарұлы.

Сонымен қатар, шара бары-

сында бірқатар ардагер ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқаны үшін аудан әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Бұл қатарда Құлбағира Бөкебаева, Камажан Абилова, Светлана Алдаркина, Владимир Васильев, Сергей Гришков, Нина Истраткова, Альвина Кириенкова, Надежда Мягких, Наталья Сафронова сынды түрлі салада қызмет істеген еңбек ардагерлері бар. Қажымұрат Жапаров, Мейрам Кәрібаев, Надежда Ильина, Роза Карташова, Нина Калугина, Бақыт Мекеева, Татьяна Сестрелатовская және Алевтина Вострикова секілді ұзтаздық жолда қызмет істеген еңбек ардагерлері де марапаттан тыс қалмады. Талай жыл мемлекеттік қызметте істеген Жақсыбай Қапашев, Бектұрсын Оспановқа да аудан әкімінің Құрмет грамотасы табысталды. Жеке кәсіпкер Райса Харченко да марапаттың иесі атанды.

Осакаров ауданы

«ORTALYQ QAZAQSTAN» ГАЗЕТИНЕ – 92 ЖЫЛ

Облыс баспасөзінің шежіресін жасап жүрген ардагер журналист, өлкетанушы Аман Жанғожин ағамыздың газетіміздің туған күніне орай өткен ғасырдың 30-жылдарғы тарихына қатысты мақаласын жариялап отырмыз.

РЕДАКЦИЯДАН

# Өткен күндер белесі

## Алғашқы қарлығаштар

Көп жылдан бері өзіміздің сүйікті «Орталық Қазақстан» газетінің тарихына, онда еңбек еткен азаматтардың тағдырына қатысты материалдар жинап, мақалалар жазып, ұжымдық жинақтар шығаруға қатысып келемін. Соның ішінде әсіресе, өткен ғасырдың 30-жылдары туралы деректер жинау көп қиындықтар келтірді. Алматы мен Қарағандының шаң басқан архивтерін ақтарып, бұрын облыс орталығы болған Петропавлдың, кейбір азаматтардың тағдырына байланысты Семей мен Өскеменнің, Қарқаралы мен Тараздың архивтеріне хат жазып, апталап, айлап, жауаптарын тағатсыздана тосуға тура келді. Мұндайда ардагер журналистердің естеліктері, кейбір ғалымдардың келтірген деректері мен сілтемелері көп көмек тигізеді. Соның арқасында өзге де әріптестеріммен бірге газет қызметкерлерінің өмірбаяндық «галереясын» жасадық деуге болады. Неген бастап едік?

Газетіміздің 50 жылдық торқалы тойы қарсаңында, яғни, 1981 жылы ардагер журналист, Ұлы Отан соғысының майдангері Мінәж Жармұхамедов ағамыз естелік жариялап, оны «Алғашқы қарлығаш – «Қарағанды пролетариаты» деп атапты («Орталық Қазақстан», 3-4 қыркүйек 1981 жыл). Онысы 1963 жылдан бастап «Орталық Қазақстан» аталатын белгілі газеттің бастапқы атауы «Қарағанды пролетариаты» болғандығын еске салу еді, әрі газеттің тұңғыш қаламгерлерінің аттарын атап өтіп, оларды да алғашқы қарлығаштарға теңеген деп түсінеміз.

Газеттің алғашқы сандары зор қиындықпен шығарылды. Баспахана жұмысы жолға қойылмаған. Газетші маман кадрлар жоқтың қасы. Халық аш-жалаңаш. Бастапқы нөмірлері қолымызға түспесе де, осы бір ауыр кезеңді көз алдымызға елестете аламыз.

«Қызметке алғаш рет келгенімде «Қарағанды пролетариаты» газетінің шыға бастағанына бір жыл толмаған екен. Онда бүгінгідей сәнді қала атымен көк. Ұзын баракта бес-алты семьялы үй тұратын. Қарағандыда алғашқы салына бастаған осындай ағаш барактардың бірінде екі бөлмеге орналасқан «Қарағанды пролетариаты» газетінің редакциясында оншақты адам қызмет істейді екен. Оның бір бөлмесінде редактор Бәрі Мәзитов, оның орынбасары Зияш Алдабергенов, әдеби секретарі Габиден Мұстафин отыратын көрінеді. Ал екіншісі бөлім меңгерушілері Әуезхан Жолымбетов пен Қали Садықов және олардың әдеби қызметкерлері Әсетхан Жолымбетов, Ғалымжан Мұқатаовтардың еншісіне тиіпті, – деп жазған екен естелігінде өзіміз көзін көрген шежіре карт Мінәж ақсақал. Бұдан кейін алғашқы толқыннан редактор Жұмабай Орманбаевты, журналистер Ахмет Төртбаев, Ғалымбек Нәдірөвті еске алады.

Жылдар өте келе, біз осы Мінәж ақсақалдың естелігінде аттары аталатын біраз адамдардың сонынан қолымызға шам алып, іздеу салдық. Солардың қатарында көп ізденістен туындаған «Алғашқы редактор» деген мақаламыз жарық көрді (Е.Лұқпановпен бірге), ол ұлты татар болса да, қазақ газеттерінде жемісті еңбек еткен Бәрі Мәзитовтің өнегелі өміріне арналды. Мақала газеттің 20 мыңыншы номеріне шықты. Осы жолдар авторының «Ойранды жылдардың оғандары» деген мақаласында түрлі дәрежеде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған редакторлар Х.Садықов, Ж.Орманбаев, С.Үсенов, Т.Нұрғазин, Ж.Сәрсөков, Ж.Кетіков, П.Жұманов, редакторлардың орынбасарлары, ату жазасына кесілген М.Құлмағанбетов, Е.Қалымбетов туралы да деректер келтірілді, қысқаша өмірбаяндары газеттің 80 жылдығына арналған «Орталық Қазақстан»: бұрын, кеше және бүгін» (2011 ж.) деген анықтамалыққа, ал мақалалар 90 жылдық торқалы тойына арналған «Токсан жыл топта толғаған» (2021 ж.) жинағына енгізілді. Қарағандыдан кейін Солтүстік Қазақстан облыстық газетіне редактор болып ауысып, ату жазасына кесілген аяулы Сейлбек Үсенов ағамызға «Осы жұрт Сейлбекті биле ме екен?» деген мақала арналды (6.10. 2015 ж.). Сондай-ақ кейінгі жылдары Семей, Тараз архивтерінен алынған деректермен жетінші редакторымыз Ж.Кетіковтің өмірбаян деректері толықтырылды (2.10.2021 ж.).

Ал бізге тағдыры көпке дейін беймәлім болып келген Әуезхан және Әсетхан Жолымбетовтер туралы мәліметтер Құдыш Сүлейменов ақсақалдың туғанына 100 жыл толуына арналған мақаланы




Әуезхан Жолымбетов пен болашақ музыкант Базылхан Ыбырайұлы

жазу барысында ойда жоқта табылды. Күлдекеннің бөйбішесі Ғазиза Ыбырайқызы сол ағайынды Жолымбетовтердің туған бауырлары екен. Әңгімені Күлдекеннің қызы Раиса айтып берді. Сөйтсек, қаскөйлердің көрсетуімен біреу мақала жариялап, Жолымбетұлдары Қарқаралы ауданындағы байдың балалары, тоңын айналдырған сұмдар деп жала жабады, содан олар қашып кетуге мәжбүр болды. Ақыры талантты журналист, қалалық газеттің бөлім меңгерушісі әрі республикалық «Социалды Қазақстан» газетінің тілшісі Әуезхан 1939-1940 жылдардың бірінде поезде келе жатқанда ұсталды. Содан хабар-ошарсыз кетеді. Ал Әсетхан болса, Алматыға барып, оқу бітіріп, Талдықорған облысының Қарабұлақ деген жерінде мұғалім болып қызмет атқарды. Сол жақта 1939 жылы қайтыс болады. Оны қоюға шешесі мен Әуезхан Новосібір арқылы поезбен барады. Шешесінің енді бір бауыры Базылхан 20 жылдай Қарағанды мен Алматы музыка мектептерінің директоры болған. Базылханның қызы Гүлдана әке жолын қуады, өнер академиясында істеп, профессор атағын алады. Әкесі туралы кітап жазып шығарады. Әуезханның Қарағандыда ұзақ жыл мұғалім болып істеген қызы Роза тәуелсіздік алған жылдары әкесін ақтатып алады, өзі 2008 жылы қайтыс болып кетеді (А.Жанғожин. «Құрыштан құйылған Құдыш». «О.Қ.» 2012 жылғы 4 қазан).

Мұны келтіріп отырған себебіміз, осы жолдар авторына бірде профессор Гүлдана Базылханқызы Жолымбетова өзінің әкесі туралы шығарған «Память в сердце стучится» (Алматы, 2016) деген екінші кітабын беріп жіберіпті. Онда әкесінің жас кезінде Әуезханмен бірге түскен фотосуреті бар екен. Алдағы уақытта осы суретпен газеттің фотожылнамасын толықтыруға болады.

Мінәж ақсақалдың естелігінде айтылатын Ғалымжан Мұқатов пен Ахмет Төртбаев туралы да біраз деректер табылып, қысқаша өмірбаяндары 2011 жылғы анықтамалық кітапқа кіргізілді. Бір қызығы, құлағы керек дейтін Ғалымжан ақсақал замандастары Сәттар, Бейімбет туралы естеліктер жазып, республикалық газеттерге жариялаған. Қадірменді ақсақалдың ел аузынан жинаған қазақтың ауыз әдебиеті үлгілері ҰҒА М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы. Жіған-тергендерін институт «Абыздар мен ақындар» (2002 ж.) деген атпен жарыққа шығарды. Ахмет Төртбаев туралы деректерді біз тек Қарқаралы аудандық архивінен таптық. Ол Қарқаралы ауданында 1906 жылы туған. Соғыс жылдары және одан кейін (1943-1947 жж.) Нұра аудандық «Сталин жолы» газетінің редакторы болыпты. Кейін шаруашылық жұмыстарына ауысады, Қарқаралы ауданының Калинин атындағы колхозы төрағасының орынбасары, «Бесоба», «Восток» совхозы жұмысшы комитетінің төрағасы болып істейді. Аттары аталған кісілер туралы мәліметтерді толықтыраму деушілерді редакциямен хабарласуын сұраймыз.

Естелікте аттары аталатын, бертініректе қызмет еткен азаматтар туралы әріптестері талай мақалалар жазды, есімдері анықтамалық және энциклопедиялық басылмаларға да енді. Бір екіншітсі, редактордың орынбасары болған Зияш Алдабергенов туралы ешқандай деректер табылмай қойды. Алдағы уақытта газет тарихына қатысты материалдар жалғасын табады деген сенімдеміз. Міне, бір естеліктен туындайтын, ойранды отызыншы жылдардың қаламгерлері туралы айтарымыз осы.



«Крайком постановляет: 1. За допущенные редакцией извращения линии партии...»

## Алғашқы қаулылар

Бастапқыда аудандық, кейін қалалық мәртебе алған Қарағандының қазақ тіліндегі «Қарағанды пролетариаты» және орыс тіліндегі сынары «Большевистская кочегарка» газеттерін шығару ел тарихында ауыр кезеңге, әрі Қарағанды кеніші тәй-тәй қадам жасап жатқан кезеңге тап келді. Обалы нешік, билеуші коммунистік партия баспасөздің социалистік қоғамда атқаратын рөлін сезіне отырып, оның аяқтанып кетуге көмектесіп, идеялық және саяси мазмұнын жіті қадағалап отырды. Осы жолдардың авторы баспасөз тарихына арналған әдебиеттерден Қазақ өлкелік партия комитетінің 1932 жылғы 3 қаңтарда «О газете «Большевистская кочегарка» деген қаулы шығарғанын оқып көрген еді. 2004 жылы Алматыдағы Президент архивіне барып іздеу салғандықтан қызметкерлері бұл қор тартылып кетіп еді деп тауып бере алмады. 17 жыл өткен соң осыны естеріне салып қайтанда сұрақтанымда қаулының партиялық журналдарға жарияланған қазақша және орысша көшірмесін салып жіберіпті. Тегін іздемеген екенбіз.

Бұл қаулы, дұрысы өлкелік комитет секретариатының шешімі баспасөзге партиялық басшылық деген сол замандағы қағидалық нағыз тоталитарлық режимге тән сорақы дәлелі болып табылады. Мәселе былай болған. Газет 1931 жылғы №28 санында Исабеков деген қазақ кенішінің Донбасстан келген шахтерлердің өктемдігі туралы сөзін жариялап жіберіпті. Сонымен қатар газет жалақы төлеудің прогрессивті «сдельщина» әдісін енгізе бастаған ГГРУ мекемесі шаруашылық басшыларының жұмысын сынайды. Жоғары партия органы бұлқанталқан ашуланып, партияның сара жолына қарсы келген мұндай бассыздыққа төзбейді. Дерек секретариат отырысын өткізіп, небары үш-ақ ай істеген газет редакторы Николаевты орнынан алып тастайды. Газеттің атына ауыр-ауыр кінәлар тағылады. Қаулы екі газетке де арналғандықтан және қазақ тіліндегі аудармасының сапасы нашар болғандықтан біраз үзінді түпнұсқадан келтірейік.

«Крайком постановляет: 1. За допущенные редакцией извращения линии партии – редактора газеты т.

Николаева с работы снять.

2. Редакции «Большевистская кочегарка» немедленно исправить допущенные политические ошибки и организовать широкую массовую работу вокруг задачи конкретной перестройки шахт на основе указаний..., о перестройке системы заработной платы по Караганде, решительно борясь с извращениями и недостатками в работе.

3. Редакции «Большевистской кочегарки» осветить положительный опыт работы донбасских горняков, добываясь осуществления организаторской роли в производстве и передачи их производственного опыта казахским рабочим, разоблачив всякие попытки классового врага создать обстановку недоверия к донецким горнякам и посеять национальный антагонизм в среде карагандинских рабочих.

Систематическое разъяснение ленинской национальной политики, на основе беспощадной борьбы с великодержавным шовинизмом и местным национализмом, должно явиться основной задачей карагандинских газет».

(Қаулының мазмұны осы жолдар авторының («Индустриальная Караганда» газетінде 2021 жылы 2 қазанда жарияланған «20 редакторов XX века» деген мақаласында тұңғыш рет жария етілді).

Орталық орган 30-жылдары Қарағанды газеттерінің жайы туралы мәселеге екінші рет 1934 жылдың ортасында оралады. Бұл кезде Одақтың үшінші көмір ошағы деп дабырайтып келген Қарағандының қалалық газеттерінің жағдайы өте нашар еді. Баспахана әлі іске қосылмаған, қаржы-шаруашылық жағдайы мүшкіл халде, редакцияларда, әсіресе, қазақ газетінде білікті кадрлар жоқтың қас еді. Осыларды келтіріп, қалалық партия комитетінің хатшысы Троицкий Өлкелік комитетке, оның хатшысы Мирзоянға хат жазады (көшірмесі облыстық архивте сақталған). Қазақ өлкелік партия комитеті көп ұзамай мәселені қарап, арнайы шешім қабылдайды. Бұл шешім Сәттар Ерубаевтың Қарағандыға келуіне байланысты болғандықтан бізге бұрыннан белгілі еді. Бірақ қаулының толық мәтіні еш жерде жарияланбаса керек. Сондықтан архив қорынан тауып алып, қазіргі облыстық «Орталық Қазақстан» газеті үшін тарихи маңызы бар қаулының толық мәтінін жариялаудың сәті түсіп отыр.

Қазақ өлкелік партия комитеті бюросының шешімі, 1934 жылғы 5 шілде

«Қарағанды пролетариаты» казак газетінің жай-күйі туралы

«Қарағанды пролетариаты қазақ газетінің жай-күйін сауықтыруға мақсатында Қазақ өлкелік комитеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1) Қарағанды облаткомына екі айлық мерзімде БК(б)П Өлкелік комитетінің 29.УШ-34 ж. шешімі негізінде Қарағанды баспаханасын қабылдап алуды аяқтау ұсынылсын.

2) Қарағанды облыстық партия комитетіне «Қарағанды пролетариаты» қазақ газетінің жай-күйін сауықтыруға, атап айтқанда «Қарағанды пролетариаты» редакциясының қарыздарын дереу жоюға нақты шаралар қолдану ұсынылсын.

3) Қаржы халқымына «Қарағанды пролетариаты» газетін қаржыландыру үшін Қарағанды облысынан 6.000 р. мөлшеріндегі қалам ақшаға тікелей Қарағандыға аудару ұсынылсын.

4) Қарағанды қалалық кеңесіне Өлке бекіткен сома шегінде (30.000 р.) газеттерді үздіксіз қаржыландыруды қамтамасыз ету ұсынылсын.

5) Өлкелік комсомол комитетіне Таиштов жолдамаға 3 күндік мерзімде Ерубаев жолдасты Қарағанды қаласына «Қарағанды пролетариатының» комсомол бетінің редакторы ретінде іссапарға жіберу ұсынылсын.

6) Қалалық партия комитетіне мыналар ұсынылсын: редакторлардың газеттің жай-күйі туралы баяндамаларын оқтын-оқтын тыңдай отырып, тиісті қызметкерлердің орнына екінші жұмысшылар қатарынан іздеу арқылы Қарағанды газеттерін басқару күшейтілсін; газеттерге олар көмір өндіру және құрылыс жұмыстары жөніндегі тапсырмаларды сандық және сапалық жағынан орындау мақсатында жұмысшы бұқарасын осы сөздің толық мағынасында ұйымдастырушы және жұмылдырушы орталық болуына қол жеткізе отырып, күнделікті нақты көмек көрсетілсін.

Өлкелік комитет хатшысы Нүрсейітов бастаған 7 адам қол қойған. (Орыс тілінен аударған Аман Жанғожин).

Шынында да, бұл шешімнің Қарағанды газеттері үшін тарихи маңызы болды. Баспахана іске қосылып, қаржы жағдайы жақсарды. Қазақ газетінің редакциясы Сәттар Ерубаев сынды жалынды жазушы-публицистпен толықты.

Жергілікті органдар Сәттарды бірден газет редакторының орынбасары етіп тағайындайды, ол мұнда өз шығармашылығының аса бір жемісті кезеңін өткізгендігі мәлім.

Аман ЖАНҒОЖИН, Қазақстанның Құрметті журналисі

САБАҚТАСТЫҚ

# Арқа жұртының құлағы һәм көзі

Менің атам пәлен жыл қырда мал баққан. Қонышына газет-журналды қыстырып жүретін. Үйде де газет үйіліп жататын. Әсіресе, «Ortalyq Qazaqstan» газеті үзілмейтін. Дастархан басында шайын баппен ұрттап, мақалаға үйіліп отыратын. Көз алдымызда да-нышпандай терен ойға бата-тын.

Аядай ғана ауылдың газет оқытын зиялылары інірде қой бөлуге шығып, әр нөмірді талдайтын. «Үлкен-үлкен» әңгімелер айтылатын. «Ortalyq Qazaqstan» – сол уақытта шалғайда жатқан ауыл жұртының құлағы һәм көзі болды. Қашан да солай болмақ. Газеттің аударылған парақтарындай жылдар сылдырап өте шықты. Мен де есейдім. Қазір қарашаңырақта қалам ұстап жүрмін.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»



«Ortalyq Qazaqstan» газетіне қызметке тұрғаным өзімнен бұрын атам қуанды. Әзінің құрдастарына мен жазған мақаланы көрсетіп, мақтанғанын талай көрдім. Баладай мәз болады. Бір адамның мақтаншы екенінді сезіну де таудай бақыт екен. Олар – газеттің қадір-қасиетін білетін буынның өкілдері. Қайран ақсақалдар!

Атамның құрдастары мені көрсе, «Жүрнәлісіміз келе жатыр» дейді. Түсінген адамға көп-көрім атак. Шақырып, әңгіме сұрайды. Қора-қопсы, күйбеңнің айналғаны емес, өрелісін сұрайды. Ұлттың бүгінгі әдебиеті, саясаты, идеологиясы. Сол үш кластық мектепті ғана көрген қариялармен әңгімелесуге сескенемін. Әр сөзіме қарауыл қоямын. Өйткені, олар бар саналы ғұмырында оқудан ажырамаған. Олардың университеті – кітап пен газет. Өмірлік тәжірибе тағы бар. Қайран ақсақалдар!

«Ortalyq Qazaqstan» – Арқаның жарышысы. Тарихы ғасырға жуықтаған қарашаңырақ. Үздіктердің бәрі осында ұмтылады. Бұл – заңды құбылыс. Мен де сол мектепке келдім. Мақсатым айқын. Қазақтың мүйізі қарағайдай қаламгерлері, кіл мықтысы жүрген ұжымда қаламымды ұштағам келеді. Жазудың бейнетін тартқам келеді. Бейнет болмай, зейнет жоқ.

Шығармашылық ұжымға келгеніме бек қуаныштымын. Маңайымда жақсы мен жайсаң. Ылғи «Сен тұр, мен атайын» дейтіндер. Мықты болу үшін мықтылардың ортасында жүрмек керек. «Адамды өсіретін – орта» дейтінміз тағы бар.

«Ortalyq Qazaqstan» газетінің ортасынан, редакция шаңырағынан шындалсақ деген ой-арман мені осында алып келді. Талай мықты қаламгерлерге қанат бітірген қарашаңырақ қой бұл. Біздің де осы газетпен өсіп-өніп, өз қолтаңбамызды қалыптастырғамыз келеді. Осында жүрген әр жас жорналшының ойлағаны да – осы. Қаламымыздан туған әр мақала, әр туындымыз Сіздерге азық, қадірлі оқырман. Сын айтып, шындаймыз десеніздер де мархабат! Олай болса, «Орталықтың» әр саны қолыңыздан түспесін!

• БӘРЕКЕЛДІ!

# Бас бөйге бұйырды

Алматы қаласында Нұргиса Тілендиев атындағы республикалық байқау өтті. Онда еліміздің әр өңірінен келген 19 дирижердің өнері сынга түсті. Бас жүлдені қарағандылық жас дирижер Әбілқайыр Сағымбаев жеңіп алды.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Екі кезеңдегі байқауға қатысуға 18 бен 35 жас аралығындағы 25 үміткер өтініш берген.


«Отырар сазы» сияқты оркестрмен жұмыс істеу – зор мәртебе. Бірінші турда Қаршыға Ахмедияровтің «Күткенде» және Кенжебек Күмісбековтің «Дала сыры» күйлерін ойнады. Екіншісінде кобыз бен оркестрге арналған Нұргиса Тілендиевтің «Алтын дән» және «Абай табиғаты» атты күй-өлеңдері ғана болды. Олар күрделілігімен ерекшеленді және орындау үшін мұқият дайындық қажет. Бағым жанып, бас жүлдеге ие болдым. Басқа оркестрлерден түрлі концерттерге шақырулар түсіп жатыр, – деп бөлісті Әбілқайыр Сағымбаев.

Еске сала кетейік, Әбілқайыр Сағымбаев – Е.Рахмадиев атындағы Қарағанды симфониялық оркестрінің, Тәттімбет атындағы қазақ халық аспаптар академиялық оркестрінің және С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театры оркестрінің дирижері.

# Қола қомсынатын жүлде емес

Ханчжоудан жақсы жаңалықтар ағылып жатыр. Қоржында медаль көбейіп келеді. Қазіргі уақытта қазақстандық спортшылар 4 алтын, 7 күміс, 25 қола жүлдеге ие болды. Медальдар саны бойынша үздік ондыққа ендік. Теміртаудан аттанған Кирилл Тубаев байдарка мен каноэде ескек есуден 1000 метрлікте қоланы қанжығалады.

Жарыстың бұл түрінде жеңіске қытайлық Донг Жанг жетті. Мәреге екінші болып өзбекстандық Шахриер Махмамов келді.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Кирилл Тубаев 2001 жылы 10 шілдеде дүниеге келген. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Ескек есуден 2010 жылдан бері айналысады, арнайы бағыты – байдарка. Теміртау қаласындағы ескек есуден олимпиадалық резервтегі спорт мектебінің тәрбиеленушісі, қазіргі кезде Қарағанды облысының жоғары спорт шеберлігі мектебінің өкілі. ҚР чемпионаттарының, кубоктарының және Азия біріншілігінің бірнеше дүркін жеңімпазы және жүлдегері. Енді, міне, Азия ойындарының жүлдегері!

Байдарка мен каноэде ескек есуден ерлердің жұптық сыны финалында бақ сынаған Сергей Емельянов пен Тимур



Хайдаров 500 метр қашықтықта Азия ойындарының чемпионы атанды. Ерлердің жекелей сайысы финалында бақ сынаған Тимофей Емельянов 1000 метр қашықтықты 4 минут 18.81 секундта бағындырып, қола жүлдеге ие болды.

Велоспорттан ерлер құрамасы тректегі командалық сында 37 ұпаймен үшінші орын алды. Команда Артем Захаров пен Рамис Дінмұхамедовпен жасақталған. Бірінші орыннан Жапония көрінді. Екінші орында – Оңтүстік Корея.

92 келі салмақта қолғап түйістірген Сағындық Тоғамбай жартылай финалдан



әрі бармады. Ол ринг қожайынына есе жіберді. Сағындық Тоғамбай осының алдында ирандық Туфан Шарифимен кездесіп, жекпе-жекте де мерзімінен бұрын аяқтаған. 47 секундында ирандықты нокаутқа түсірді. Бұған дейін ол Моңғолия өкілі Барнахаан Доржпен жұдырықтасып, оны екі раундта екі мәрте нокаутқа түсірген болатын.

Отандасмыз Бекәділ Шаймерденов «кураш» күресінен күміс медаль жеңіп алды. 81 келіге дейінгі салмақ дәрежесіндегі финалдық белдесуде өзбекстандық Умид Есановқа есе жіберді.

• ФУТБОЛ

# «Тобылды» тобықтан қақты

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы Қазақстан Премьер Лигасының 24-туры аясында өз алаңында қостанайлық «Тобылмен» ойнады. Бұл тартыста жерлестеріміз жеңіске жетті. Есеп 2:1.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылықтар ойын басталысымен допты өз бақылауларына алды. Жүйелі шабуылдарды да ұйымдастырды. Бірақ, мүмкіндіктерді пайдалана алмады. Ал, футболда «сен соқпасаң, саған соғады» деген бар. Қарсыластар шабуылға лап берген «Шахтердің» қорғанысынан саңылау тапты. Бірінші таймда қонақтар есеп ашты. Бағдат Каировтің көтерген добын Момчило Мрканяч қақпаға баспен тоғытты.

Үзілістен кейін алаң иелері кеткен есені қайтару үшін шабуылды үдетті. Шабуыл нәтиже берді. Екінші тайм басталысымен Айбар Абдулла таразы басын теңестірді. Есеп теңескеннен кейін ойын қарқыны да, қысымы да одан сайын артты. «Шахтер» сапынан Антон Толордава мен қостанайлық Альберт Габараев ойынның 57-минутында қызыл қағаз алып, алаңнан қуылды. Екеуі алаңда бір-бірінің жағасынан алды.

Екі команда 9 ойыншымен ойынды жалғастырды. Қос ұжым өзара шабуылмен алмасты. «Тобылдың» форварттары біздің қақпаға жол таба алмай әуреге түсті. Ал, матчтың 79-минутында Иван Свиридов екінші голды соқты. Бұл гол – «Шахтерге» жеңіс әкелді.

Осы жеңісінен кейін «Шахтер» клубының ұпайы 28-ге жетті. Премьер Лиганың кестесінде 9-шы болып тұр. Ал, «Тобыл» бір саты жоғарыда.

– Жанкүйерлерімізді құттықтаймын! Бұл қиын матч болды. Әсіресе, эмоциялық тұрғыдан әлсіздігімізді көрсетіп қойдық. Ойыншылар ашуға бой алдырды. Сабырсыздау болды. Осы кездесуде қателік жасамауға барынша тырыстық. Бірінші таймда



жолымыз болмады. Қорғаныс та сыр берді. Бірақ, екінші кезеңде реттелді. Ұжымға ешқандай да реніш жоқ. Олар жеңіс үшін алаңда жанын берді. Жеңіске жеткеніміз үшін қуанып отырмын. «Тобыл» – шабуылдың командасы. Алаңдағы ойыншылардың орны ауысқаныммен, стиль сол бетгі қалады. Жүйелі ойын көрсетеді. Биылғы маусымдағы құрамы да жақсы жасақталған. Сол себепті, «Тобылдың» Премьер Лигадағы қауіпті командалардың қатарына жатқызамын, – деді «Шахтердің» бас бапкері Игорь Солошенко.

Бұл кездесуде Роман Муртазаев пен Тимур Чогадзе ойнамады. Бас бапкер бұған түсініктеме берді.

– Олар алматылықтармен бол-

ған ойында да алаңға шыққан жоқ. Өйткені, екеуі – алаңның шетіндегі шабуылшылар. Біз «Қайратпен де», «Тобылмен» де 3-5-2 құрылымымен ойнадық. Екі шабуылшы да орталықта еркін ойнайды, – деді бас бапкер Игорь Солошенко.

23 қыркүйекте «Шахтер» Алматыға қонаққа барған еді. Сол кездесуде «Қайрат» екеуі тең түсті. Есеп 0:0.

– «Қайратпен» ойын оңай болмайтынын әуелден білдік. Премьер Лигадағы үздік ұжымдардың бірі. Ойыншыларға, бапкерлерге алғысымды айтамын. «Тобылмен» ойынға тыңғылықты дайындамамыз, – деп еді бас бапкер.

«Қайрат» Премьер Лига кестесінде 4-орында тұр.

• КӨРМЕ

# Елорда ерлікті құрметтейді

Астанадағы «Атырау» жаяу жүргіншілер көпірінде фотокөрме ұйымдастырылды. Онда Төтенше жағдайлар министрлігі қызметкерлерінің, атап айтқанда, өрт сөндірушілердің, құтқарушылардың, сүңгуірлердің, кинологтардың, медицина қызметкерлерінің, ұшқыштардың, психологтардың және әскери қызметшілердің портреттері қойылған. 112 портрет арасында Қарағанды облысы ТЖД қызметкерлерінің төрт портреті бар деп хабарлады Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл портреттер – өрт сөндірушілер Жандос Құрабаев, Әлихан Шардарбеков, Алекс Бородин және жедел-құтқару жасағының құтқарушысы Бақытжан Есетовтікі. Әрбір портретте QR кодты сканерлеу арқылы кейіпкердің өмірімен таныса аласың.

«Фотосуреттердің арасында QR коды бар қара тақта орналасқан. Ол арқылы gizamyz.com сайтына өтіп, өз міндеттерін орындау кезінде ерлікпен қаза тапқан 11 құтқарушының өмір тарихымен танысуға болады. Олардың арасында 2005 жылы Қарағандыдағы Тернопольская көшесіндегі тұрғын үйдің ауласында шаруашылық құрылыстарын сөндіру кезінде қаза тапқан қарағандылық Дмитрий Гревцов та бар.

Көрме Қазақстанның VI GROUP инновациялық Холдингінің қолдауымен RIZAMYZ әлеуметтік жобасы аясында кәсіби мереке – 19 қазандағы Құтқарушылар күні қарсаңында ұйымдастырылды. RIZAMYZ Qutqarushy 20 қазанға дейін жалғасады» дейді баспасөз қызметі.

• АУЫР АТЛЕТИКА

# Қыздар ғана бақ сынайды

Қытайда өтіп жатқан Жазғы Азияда ойындарында Қарағанды облысының зілтеміршілерінен Қазақстан құрамасында тек қыздар өнер көрсетеді. Бар үміт – Айша Омарова мен Дарья Балабаюкте.

Облыстық кешенді спорт мектебінің тәрбиеленушісі Дарья Балабаюк өз нәтижелерімен таң қалдыруы тиіс. Өйткені, 2022 жылы ұлдар мен қыздар арасындағы әлем чемпионатында ол үшінші орынға ие болған. Кейін Азия біріншілігінде күмісті қанағат тұтса, Биыл Албанияда өткен Әлем чемпионатында қола медаль жеңіп алған.

«Біз олардың аймақ намысын лайықты қорғап, үйіне медальмен оралатынына сенеміз. Дарья Азия ойындарында да таң қалдырады деп үміттенеміз. Тәжірибелі Айша Омароваға да үлкен үміт артпамыз», – дейді облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының өкілдері.

• ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

# Балғын балуандар бәсекесі

Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен Қарқаралы қаласында қазақ күресінен Қазақстан Республикасының спорт шебері Асылбек Әбішевті еске алуға арналған жасөспірімдер арасында облыстық ашық турнир өтті.

Турнирге 2003-2005 жылы туғандар санатында 41 балуан, 2008-2009 жылғылар санатында – 141, 2006-2007 жылы туғандар арасында 97 спортшы қатысты. Жалпы, 279 балуан бақ сынады.

Жалпыкомандалық есепте Қарағанды қаласының командасы I орынға, Шет ауданының құрамасы II орынға, Абай ауданының спортшылары III орынға ие болды.



• ЕРЕЖЕСІЗ ЖЕКПЕ-ЖЕК

# Шавкаттың мүмкіндігі қандай?

Орта салмақтағы ережесіз жекпе-жек шебері Шавкат Рахмоновтың келесі қарсыласы Стивен Томпсон оның артықшылықтары мен кемшіліктері туралы мәлімдеді. Шавкат Рахмонов спорттағы мансабын Қарағандыда бастап, қанатты қатаятты. Сондықтан, ол туралы әр жаңалықты Арқа жұрты қалт жібермейді.

Шавкат Рахмонов – Стивен Томпсон жекпе-жегі 16 желтоқсанда Лас-Вегаста өтеді.

– Меніңше, қай жағынан алсақ та, Шавкатпен жекпе-жегіміз өте жақсы өтуі тиіс. Ол қашықтықта да, жақындап та жұдырықтаса алады. Оның жекпе-жегінде джиу-джитсу спортының үлесі өте жоғары. Бірақ, әр жекпе-жек позициядан басталады. Ол мені құлатуға тырысары сөзсіз, алайда, мен бұған дайын боламын. Оны зерттеп, кейбір кемшіліктерді байқаймын. Соны ұтымды пайдалануға тырысамын, – депті Томпсон журналистерге берген сұхбатында.



Дайындаған Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары – «Индустриальнае Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**  
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА**

Бас редактор – **Е.К. МУСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyq.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВK2ХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 239

№ 110 тапсырыс. Индекс 65484  
Оффсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
Газеттің көпшіліктері органдық тәртіпті, беттелген.  
Кезекші редактор **Жан АМАНАТ**